




Тимирязев ауданы

село Тимирязево

2018 жылғы 12 наурыз

№ 21/6

**Тимирязев ауданы бойынша  
жер салығының және бірыңғай  
жер салығының базалық  
мөлшерлемелерін түзету туралы**



«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 503, 504, 505, 506-баптарына, 509-бабының 5-тармағына және 510, 704-баптарына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 504, 505, 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға арттырылсын, соған сәйкес:

- 1) жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;
- 2) елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;
- 3) елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер.

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 503, 704-баптарында белгіленген жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын, соған сәйкес:

- 1) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге базалық салықтық мөлшерлемелер;
- 2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері.

3. Тимирязев аудандық мәслихатының мынадай:

- 1) «Тимирязев ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы» 2015 жылғы


\* Сериялық нөмірінсіз бланк жарамсыз болып табылады  
\* Бланк без серийного номера недействителен

12 ақпандағы № 34/1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 наурызда № 3160 болып тіркелді, 2015 жылғы 21 наурызда «Көтерілген тын» аудандық газетінде жарияланды, 2015 жылғы 21 наурызда «Нива» аудандық газетінде жарияланды);

2) «Тимирязев ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы» Тимирязев аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 ақпандағы № 34/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2016 жылғы 11 наурыздағы № 48/1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 13 сәуірде № 3715 болып тіркелді, 2016 жылғы 20 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
XXI сессиясының төрағасы



Н. Усенков



Аудандық мәслихаттың  
хатшысы



С. Мұстафин

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер департаментінің  
Тимирязев ауданы бойынша  
Мемлекеттік кірістер басқармасы»  
Республикалық мемлекеттік мекемесінің  
басшысы



Б. Бәлдіков

2018 жылғы 12 наурыз



